

**«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат  
мәселелері бойынша семинар-кеңесінің  
№ 2/24 хаттамасы**

Астана қ.

19.04.2023 жыл  
15 сағат 00 мин.

Төрағалық етті: «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы Б. Кушеров

Қатысқандар: «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшылары, орталық аппарат және облыстық филиалдарының жұмыскерлері (Zoom арқылы)

Шақырылғандар: ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қызметінің өкілі А.Д. Айдарханов

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет ардагерлерінің қазақстандық ұйымы» РҚБ ардагерлер кеңесінің мүшесі Оралбаев А.Н.

Семинар-кеңесте регламентке сәйкес:

1. Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылагенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қызметінің өкілі А.Д. Айдарханов Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты және жемқорлықтың алдын-алу шаралар туралы түсіндірме жүргізді.

2. «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-да (бұдан әрі - Қоғам) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің басшысы Б.С. Кушеров Қоғамда жемқорлыққа қарсы жүргізіліп жатқан іс-шаралармен таныстырды.

3. Материалды талқылау, Қоғамдағы проблемалық мәселелерге шолу жасау және оларды шешу жолдары.

Семинар барысында ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің профилактикалық қызметінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру қызметінің өкілі А.Д. Айдарханов сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілеріне кімдер жататынын түсіндірді,

сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған реформалар, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жүйесі және басқа да мәселелерге тоқталды (слайд көрсетілімімен).

Екінші бөлімде семинарға қатысушыларды Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл қызметінің басшысы Б.С. Кушеров қызметтік тексеру нәтижелерімен және Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жоюға бағытталған ұсыныстармен, мүдделер қақтығысын анықтау және шешу бойынша жүргізілген жұмыстар жөнінде таныстырды.

2024 жылғы 26 наурыздағы Қоғам Басқармасының № 9 шешімімен бекітілген Қоғамдағы Сыйлықтар беру және іскерлік қонақжайлылық белгілері туралы ереже таныстырылды. Семинарға қатысушылар белсенді түрде пікір алмасты, оның ішінде Қоғамдағы мерекелерге арналған белгілі бір іс-шараларда сыйлықтар беру туралы.

Нәтижесінде, Қоғам жұмыскерлерімен алдағы уақытта бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында, көрсетілген ақпаратты назарға алу және қолданыстағы заңнаманың талаптарын мүлтіксіз сақтау қажеттілігі атап өтілді, және жемқорлыққа қарсы іс-шараларды өткізу белсенді жүргізу ұсынылды.

Семинар-кеңестің қорытындысы бойыншы, «Қоғамдағы Сыйлықтар беру және іскерлік қонақжайлылық белгілері туралы ереже» қарастыру, жеке семинар-кеңестің қарауына шығару туралы шешім қабылданды.

Семинар нәтижелі өтті, шара барысында қатысушылар белсенді түрде пікір алмасты.

16 сағат 30 мин. семинар аяқталды деп жарияланды.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы  
комплаенс-қызметінің басшысы**



**Б. Кушеров**